

Нагашыбай МҰҚАТОВ

АК БУЛАК

КНИГА ПОДАРЕНА
НАҒАШЫБАЙ МҰКАТОВ

АК БҰЛАК



**Л.Толстой атындағы Костанай
Костанай 2003 жылым гылыми
“Шаптаң”ханасы**

ББК 84 Қаз 7-5

М 83.

ISBN 9965-535-97-3

Осы кітабымның жарық көруіне жәрдем жасап, демеушілік көрсеткені үшін “Темірбанк” ашиқ акционерлік қоғамы Қостанай филиалының директоры, сөз өнері жанашыры Рамазан Дөкейұлы Асқаровқа, Лисаков қаласының әкімі Альберт Павлович Рауга, Қостанай ауданы әкімі Нурали Садуақасовқа, Мендеріза ауданындағы «Тобыл-98» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Қайыrbай Есполұлына, Мендеріза ауданындағы «Қарқын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Сайран Бұқановқа, Карабалық тәжірибе стансасының директоры Елубай Аманжоловқа, “Виктория” сақтандыру компаниясы Қостанай филиалының директоры Зора Сексенбайқызына және оның орынбасары Есем Мұсагұлұлына шын жүректен ризашылық сезімінді білдіремін.

Автор

Белгілі ақын Нағашыбай Мұқатовтың бұл жаңа кітабына негізінен арнау өлеңдер топтастырылған. Қаламгер Ахмет Байтұрсынов, Ұбырай Алтынсарин, Ғабит Мұсірепов сияқты біртуар тұлғалар, Қазақстанға белгілі қайраткерлер, сондай-ақ Қостанай облысына кеңінен танымал айтулы адамдар туралы тереңнен ой толғайды. Ең бастысы аталған кітаптан зиялы қауым өкілдеріне деген ыстық сағыныш лебі есіп тұрғандай. Жинақ жеңіл оқылады.

**М 11702250202
00(05)-03**

**© Мұқатов Н.
“Шапак” 2003**

Алғы сөз

Топырагы торқа болғыр, кешегі кеңес дауірінің бүкіл тыныс-тіршілігіне теріс қарau әрине әбестік. Тоталитарлық тәртіп тұсында да бұқара жұртышылық ерекше елең дейтіндей ірі іс-қимыл, қозғалыс болғаны жасырын емес. Тіпті сол бір кезеңді көксеп, аңсан жүргендер де арамыздан кей уақытта кәдімгідей төбе көрсетіп қалады. Партия ғұмыр кешкен жылдардағы “Бәрі де адам игілігі үшін”, “Адам қоғамның басты байлығы” деген жалаулатқан, алаулатқан ұрандар ұзақ мерзімге ұмытылар ма сіра. Бұган бала да, дана да жастықтарының астарына тығып жаттаған моральдық кодексті қосып қойыңыз.

Құдайга шүкір, қазір де егеменді, тауелсіз Қазақстан республикасында адам құқы аяққа тапталып отырған жоқ. Әсіресе Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақстан халқына таяуда арналған жолдауы елдің экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени, тарихи, рухани тынысын биік сатыға жисегарылатуға күшті, қуатты ықпалын тигізбекші. Тек қана кей мықтылар теңге, долларды емес, тірі пенделерді алдымен ойласа бәрі қалыпқа түсіп, жөнделіп, реттеліп жүре беретін сияқты.

Орыстың ұлы жазушысы Шолохов “сөз өнері - ардың ісі” деп бұдан пәленбай жылдар бұрын мәңгі ескірмейтіндей магыналы, мазмұнды ой түйген. Академик – жазушы, сирек ұшырасатын талантты тұлға, қазақ әдебиеті теориясының қазіргі таңдағы шын мәніндегі білгірі Зейнолла Қабдолов екі томдық монография, әдеби толғаныстар топталған құнды кітабында “Сөз өнеріндегі өмір шындығы тек адам арқылы яки образы арқылы ғана көркем жинақтау дәрежесіне көтеріле алады” деп нақтылы, нағымды көзқарасын байсалды турде білдірген еді! Ал, халқымыздың бір туар перзенті, арқалы ақын Мұқабали Мақатаев болса жер басып, Алатаудың етегінде алашаң-алашаң адымдаған жүрген жылдары былайша төгілген еді-ау.

*Әлем-дархан, саяланғар, бәріңе де орын бар,
Корған емес, салтанатты, сәнді сарай согыңдар,
Ей, адамдар сендер тату, сендер тату болыңдар.*


Әлемдегі қайғы, қасірет қуаныш, небір елеулі оқиға қаламгердің жүргегі арқылы өтетініне күмән тумауга тиіс. Әрқашан ағыл-тегіл сел-сезімнің жетегінде жүретін ақынның жөні бір бөлек. Былай байыпты, байсалды қарап отырсам

әріптестер екі жұпқа бөлінетіндей. Бір тобы мерейтой, қуаныш, айтулы өқігаларға сиясы кеүіп үлгірмеген жырларын арнап, мінбе іздейтіндер болса, екіншілері көбіне мұндаи әрекеттерге бара қоймайтындар. Өзім алга什қылардың сапына қосылатын шығармын. Және арнау жазбайтын ақындарды жазғырып, кінәлаудан мулде аулақпын.

Ал, әріге барап болсақ, байыргы ақындар той-думанда ғана тебіреніп қоймай, қайғылы қазаларда өлеңмен көңіл айтқан гой. Эйелдер жасы ғасан жарасына дөп тиетін жоқтауларды жыр шумақпен өрнектеген.

Талгамы зор оқырман қауым назарына бірыңгай арнау өлеңдерімді ізгі ілтипатпен ұсынып отырмын. Журек лупілінен туган туындыларым қазақтың біртуар перзенттеріне, елдің зиялы адамдарына, жолдас-жора, туыстуган, бауырларға деген шексіз ықылас, самалдай ескен сағыныштың айқын белгісі. Кәдеге жараса мандай тердің зая кетпегені деп түсінемін. Ақ бұлақ көңіл өздеріңе қарай асығып барады. Сен де құшагыңды аш, пейіліңді шаш асыл ағайын.

Автор.



АДАМҒА ДЕГЕН КӨҢІЛІМ

Іздемеген тіпті тақты бак
Ізеттігі ылғы жатты ұнап,
Баяғы бабалар сағынышы
Бір сәт сарқылмас ақ бұлак.

Шабыт фонтаны атқылап,
Шақырғандай шат тұрақ,
Көп кісінің ниеттері
Көсіле шапқан ақ бұлак.

Құлын өспей ме шапқылап,
Қара жол кезікпе қаттырақ,
Алабұртқан жастар ағашаны
Ала қашқан ақ бұлак.

Кейде жүрем ашылап,
Кейде жүрем жақсырақ,
Ағайынға деген көңілім
Алдыңда озған ақ бұлак.

Жылды лебізім нақтырақ,
Жамағат болма жат бірақ,
Адамдарға деген көңілім
Алау таңдан ақ бұлак.

АЛТЫН ЗАҢЫМ- АЛТЫН КҮН АСПАНДАҒАН *(Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Конституциясы туралы ой)*

Тарих – тағдыр сыйлады таңды маған,
Қараңғыда қанша жыл қанғыра алам,
Қазақстан – аяулы алып ана
Бауырында барлық ұлт балбыраған.

Тоқырау да тұншықты таққа өрлеген,
Байтақ жерге бұл шақта бак төрлемен.
Қазақстан – жайрандар жайсан әке,
Өзі түгіл өзгені жат көрмеген.

Суарылса желкілдер гүлдер тегі,
Бойда жүрген от- -намыс күнде өртеді,
Елге қолын бұлғайды елжіреумен
Егеменді елімнің нұрлы ертеңі.

Сәйгүліктей туладың құрықтағы,
Санама кеп ұрпақтың ұмытқаны.
Бостандық пен тендіктің төл перзенті
Кішіреймес кісінің құқықтары.

Саясаттың дергінен жан айыққан,
Дабылдатқан сөзіне дана ұйытқан.
Діні бөлек ұлттарды дәріптеймін,
Тілі бөлек ұлттарды талай ұққам.

Керуен – заман кеткендей көші шұбап,
Куаныш мұң қалықтай қосылып ап.
Опасызға орын жоқ ортамыздан,
Ортақ мұдде аңсайды осы құжат.

Бақыт балын жұтқандай балалары,
Желпіндіріп сан әке, сан ананы.
Жеміс берер жерімे бір бәйтерек
Жариялы жылдардың жана Заны.

Тобыр бұлтқа шалынбай таза әлемі.
Салтанаттың самғасын сазы әдемі.
Алтын заңым – алтын күн аспандаған,
Шомыла бер шуакқа қазақ елі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ОЙ.


Аптыға бір жеткендей ән алыстан,
Қарлығаш-жыр қалықтап маған үшқан,
Тәуекелге бел буды, тәуекелге
Тәуелсіз ел еңселі Қазақстан.

Балғындарын баурына ана күшқан,
Үлкен – кіші құттықтап қол алысқан,
Мәртебесі жазылған мәндайына
Мемлекет мерейлі Қазақстан.

Алатау – асуларым алда неше,
Заулаймын ағын – заман самға десе,
Мәскеуге жаутаң көзбен жалтақтамай
Байышпен шешілмекші бар мәселе.

Көзіме жақты қанша көп күйені,
Ештене еркін елден жоқ киелі,
Сөздері Нұрсұлтанның салиқалы
Саясат нысанаға дөп тиеді.

Қырандай қанат қомда таудан – тауға,
Бағбандай жеміс жина баудан – бауға,
Дабыл қақ дербес елде тәуелсіздік
Деймін мен тек ішімнен “тәуба, тәуба”.



ТОҒЫСУДЫ НЕГЕ ОЙЛАМАЙДЫ ТІРІ ПЕНДЕ (*Ирак соғысы туралы ой.*)

Айқайлап несіне айтам, аты құрсын,
Адал жан қарғысына батып жүрсін,
Кінәлі дей алмаймын АҚШ елі
Кінәлі Буш деген бір нақұрысын.

Әрқашан әділетсізге аландаппын,
Әділдікті көбіне таба алмаппын,
Иракты иеленем деп иттей үрген
Бұл Президент жауызы адамзаттың.

Жатпайды ешқашанда жолда мұра,
Қанағат жасау қажет қолдағыға,
Ғаламнан бәрін түгендеу мүмкін емес
Адамнан мұнай қымбат болғаны ма.

Ойын бұрды онға емес, солға қарай,
Кезікпес көкте жүлдyz, жолда да арай,
Таңертең, тұс кезінде және кешке
Тамақ орнына қан ішкен онбаған-ай.

Тірлікте кім тойғандай ғажабына,
Тірлікте кім асыққан ажалына,
Құритынын сезе ме ку сұмырай
Құдайдың бір шалынса назарына.

Қаруда ёмес, ақылда күшім менің,
Ірілік пе тектен-тек ісінгенің,
Тоғысады неге ойламайды тірі пенде,
Соғысады неге ойлайды тұсінбедім.

ҚАЙРАН АХАН...

Кең даланы кең оймен кезе бердің,
Өзім сүйген өлеңнің өзегі едің,
Толқындарды талтаған керемет кеме
Тек ілгері тартатын сөз-өнерін.

Баяғыдан бәйтерек бір ұғарым,
Жаурағанға жауатын жыры-жалын,
Шыңына шарықтаған шын таланттың
Ұлгайған ұлағаты ұлы ғалым.

Ақиқат алаулап арман жанды десем,
Айшықты ауыл, қала, сәнді көшем,
Рухы ырза риясyz ұрпағына
Рухани тірлікке - мәнгі көсем.

Тозар ма тottанбайтың ірі мұсін,
Халқымның еш лайланбас тұнығысын,
Жүрексің – алты алаштың қеудесінде
Тірексің – тірілген қайта тілім үшін.

Жауынан жасқанғандай жүрмеді тек,
Еліне еркіндікті күнде тілеп,
Арысым абақтыда қамықса да
Ала бұлт арасында күн-кекірек.

Намыстың қайрағына қайралатын,
Сатырлап найзағай-отқа айналатын,
Қаракөз жұмылғанша қазағым деп
Қалғыған қабірінде қайран ақын.

Күрсініп кейде мұнды ойға батам,
Көп толку қайғыға да, тойға да тән,
Мұндалап мұралары шақырған соң
Қасымнан қашықтамас қайран Ахан.

ЕШҚАШАН ЕСІМДЕ ЖОҚ ӨЛГЕН КҮНІ

(ұлы Абай жайлы толғаныс)

Өлең лебі еспей ме өңнен жылды,
Көкірек-бесік көп тербет көргендіні,
Титтейімнен есімде туған Абай,
Ешқашан есімде жоқ өлген күні.

Ежелден-ақ егіз ғой ел мен жыры,
Қысы, жазы желкілдер жерден гүлі,
Парасатты ойлардың пайғамбары
Кеше болған, бүгін бар, ертең тірі.

Ашынғанда айтпайды азабын кім,
Алып Абай қай кезде таза құлдің.
Тандайында тәтті сөз тауып айтқан,
Тал бойында тамырсың қазағымның.

Саған қарап серілер ән қайырған,
Қара ниет, ақ ниет жаңды айырған.
Махаббатты мәңгіге тұтатқанмын,
Маң даланы көрген соң маңдайынан.

Ұрпакқа ұядағы әлі армансың,
Ғасырдан ғасырларға баар жансың.
Қара жер құшағына емес тіпті,
Қазақтың құшағына жаралғансың.

Мұранды мұндалайтын үйім дер ем,
Маңынан мәре-сәре жиын көрем,
Алтыннан асыл сөздің құны қымбат,
Алтының аяқ асты тиын-тебен.

Өлең лебі еспей ме өңнен жылды,
Көкірек-бесік көп тербет көргендіні,
Титтейімнен есімде туған Абай,
Ешқашан есімде жоқ өлген күні.

ШЫҒАТЫН ШЫҢДАРЫМА ТАБАН ТИМЕС. *(Ахмет, Абай, Мұқазали және өзге арқалы ақындар тәгдышлары жайлы толғаныс)*

Кеудені көрікті өлең, ән кернеді!
Мұрасы мәңгі тірі, мәңгі өлмеді!
Қамықты Байтұрсынов бәйтерегім
Қапқан соң қазағымның қандендері.

Ортама оттан ыстық жыры бүгін,
Көргем жоқ үзілгенін дүбірінің
Алашта Абайымның азабы аз ба
Алуан ел мойындаған ұлылығын.

Келседағы көбіне күлімдегім,
Үлғи неге ызғарға дірілдедім,
Жүқарған сылдыр сөзден сұлу жаны.
Мұқалған Мұқағали мұным менің

Қаламмен қара өлең қазып кенін,
Жаңанның суретін жазып керім,
Таласқанда таудан да тұрар биік
Майысқанда гүлден де нәзіктерім.

Қайыстырар қабырға аь ұрғаным,
Тіл барда тіршілікте тақылдадым,
Шығатын шыңдарыма табан тимес
Ұғатын адам тумай ақын жанын.



ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ КЕСЕНЕСІНЕ

Түріп құлак, түркі түгел сыйламақ,
Тәңір өзі темір кірпіштен құйған-ақ,
Тарихымды тілсіз, үнсіз ұқтырган
Талайларды тәубеге келтірген ғимарат.

Біреу келер көруге ұлы адамын,
Біреу келер кешуге қунәларын,
Қарашығындай көзінің қымбатсың-ау
Қожа Ахмет Иассауи Ғұламаның

Аппақ жал арғымақтай ағылды уақыт,
Жоқ деймін жаман пиғыл қанымда түк,
Жайсандар жайлы төсекке жайғасқан соң,
Жанында жарты минут тұрсам нағыз бақыт.

Баба жолмен, бір-ақ жолмен өтем мен,
Кісіге ұқсап ойларынан от өрген,
Қабірдегі хан, билердің рухы
Казір мені алып алақан бол көтерген.

Ақ жолда жүгірмесін ала мысық,
Жүрейік жақсыны көріп, дана құшып,
Құдіретті ғимаратсың ғибраты ғажап
Құдаймен тұратындағы қол алысып.

Шынында шын-байлығым, шынар-багым,
Ұзақ қарап сеземін ұзарғанын,
Бар пенде байқап, байқап басады аяқ
Болған соң қақпасындағы бір алланың

Ірілер із тастамай өткен емес,
Кел бері жердегі елес, көктегі елес,
Күмбезін, кереметін көрген кісі
Меккеге мен бармадым деп өкпелемес.

Тағдыр, тағдыр, Бұралаң жол төсеме,
Тірі тыптырласа өлілері өшे ме,
Ұйқыда ұйыған уақытша академиктері
Түркі дүниеге Университетсің кесене.

ӘЙДІК ӘРУАҒЫНМЕН ДЕМЕШІ ҰЛЫ ҮБЫРАЙ

Ықылым заманнан-ақ ырыс едін,
Қасыңнан қашыктаған ба тынысы елдін,
Ұлағатты ғұмырынды ұзак шолып
Ұямда ұғып жүрмін ұлы сөзін.

Санамызда сөнбекен күнім, айым,
Сауат шашкан сәуленді шын ұғайын,
Ақ бұлак алып білім көзін ашкан
Алты алаш аңсай берер Үбырайын.

Ретсіз кімге керек сөз жарысы,
Өзінсің өскен елдің -өз намысы,
Мұсін боп қалсандағы, қаратас бол
Ісің көп токтамаған козғалысы

Ғылтымсыз бұл ғаламда гүлденбедім,
Таяз емес, терен теңіз жүзген жерін,
Жүзінді төргі бөлмеден көрмесем де
Жүректін төрінде ғой құнды енбегің

Заманның өзгерер ме күні бұлай,
Тарихта лайланбаған тұнығым-ай,
Әліппенмен демеп ең баяғыда
Әйдік әруағынмен демеші Ұлы Үбырай.



ЖАЛҒЫЗ ОҚ

*Казактың Бейімбеттей тарлан талантына көзі қызып қалай
мылтық кезенде екен. (Екі кісі әңгімесінен)*

Суық соғып, солған сұлу гүл жаны,
Тұла бойда тұншыққандай мұнды әні,
Жайсаң қазақ мандайының жүлдізы
Жалғыз оқтың, жалғыз оқтың құрбаны.

Заман заулап мінезі өзгермелі,
Қайран халқым қай кезде сөзге ермеді,
Көзін жұмар кезінде не көрді екен
Көздегені мұлт кетпес сөз-мергені

Кіл қатыкез... Күтсінші кімнен тірек,
Күміс-шуақ көктегі күннен тілең,
Титтей гана қалғанда, тоқтауына
Не сезді екен дариға-ай үлкен жүрек.

Куә оған момақан жатқан даға,
Шыңдаған шілдеге де, ақпанға да,
Атқандай әдебиет Алатауын
Жыл-жылы жүректері жоқтар ғана.

Жоқтайды, аңырайды ақын-даға,
Жазира, сайын өлкө сағымдана
Атқандай пәк сезімнің ақ акқуын
Адамнан хайуанға жақын ғана.

Қабағы қатал Заңның қыраулана,
Әл кетіп, әкесінен, жылауда ана,
Атқандай алтын сандық әз ағаны
Бос кеуде бауыры жоқ біреу ғана.

ТҰТАСҚАН ОРМАН-ОЙДЫҢ ШЫН ШЕБЕРІ (С.Көбеев руҳына)

Өспей ме өз тауына өрлеп кісі,
Келмей ме кеуде-өлең селдеткісі.
Кешегі кішкене ауыл мұғалімі,
Қазіргі көркем сөздің көрнектісі.

Сұлу сөз –қызыл бидай, ақ тарысы,
Бүйірган мандайына бак, табысы.
Кешегі Мендіғара азаматы,
Бұғінгі бар қазақтың мақтанышы.

Кер заман көлеңкесін бұркемейік,
Қалайша қараңғыны тұн демейік.
Азапқа айбын үнмен ақыратын,
Қазаққа керек еді бір Көбеев.

Әруаққа айналған соң әз арысым,
Әлі де алай-дүлей азалы ішім.
Туған ол балғын бала бақыттына,
Туған ол қайран халқым, қазак үшін.

Сезімге оттан ыстық жылынасын,
Ұрпағы ұмытар ма ұлы мұрасын.
Жүрген ол Ыбырайдың ірі ізімен,
Күлген ол күндей шашып шұғыласын.

Сеземін сәулелі өмір сағынғанын,
Байқағам болашақта бағым барын.
Қазған ол алтын сөзді Ақсуаттан,
Жазған ол жаны жылап “Қалың малын”.

Ұл-қызға онан өзге кім сенеді,
Жүзіне жалт бұрылсам жыр сел еді.
Сұт-аспан құйсын нұрын бұтағыңа,
Тұтасқан орман-ойдың шын шебері.

ОРАЛУ

(Бұрыңғы Торғай облысы, Жангелдин ауданына қарасты
Мыржакып Дулатов кенишарында алып ақынга арналған
мұражайдың ашылудыңда оқылған өлең)

Тот баспас, тозбайтұғын бір асыл ең,
Толқыған көңіліммен разы мен.
Үн қатып тебіренбеу теріс сірә
Мыржакып мұндаласа мұрасымен.

Киттей сөзі кіл еліне киелі,
Тау ойларды талант қана үйеді,
Атак даңқы ауыздардан аспандап
Жер-жастыққа жаңа жеткен сүйегі.

Жапан түзді жаңғыртқандай жыр-үні.
Қай құдірет құлдилатар іріні.
Шамын жаққан жарқыраған шындықтың
Дабыл қакқан Дулатовтың дүбірі.

Тас төбемнен ала бұлғтар көшеді,
Маң даланың мамық болғай тесегі.
Саған жаусын табиғаттың ақ қары
Ал Алланың сарқылмасын нөсері.

Найзағайдың нағыз оты-намысым,
Дархан елге той-думаңның бәрі сын,
Мәңгі үйқыға берілгенсің Торғайда
Сөзі қымбат, өзі қымбат арысым.

Кайта туып қырандарша қонар күн
Қалбаң қағып қуаныштан қөл алдым,
Торғай-ана тебіреніп құшақ ашқандай
Орнықты көңіл оралдың сен, оралдың.

ҚУАНАМ МЕРЕЙТОЙДЫҢ ДҮБІРІНЕ (көрнекті қозам қайраткері I. Омаровтың 80 жылдығына)

Өмірде өз сокпағы, өз белдері,
Тірлікте өткізбеді көзден нені.
Қазақтың дәл өзіндегі қарапайым,
Кеудесі күмбірлекен сөз зергері.

Жататын жалын сөзден жайнап көгі,
Қашаннан қазынама қаймақ тегі.
Жерімнің жомарт пейіл перзенті бұл,
Елімнің ерен туған қайраткері.

Сырларын салиқалы сақтап алғын,
Көп болсын мадақтайтын, макталар күн.
Кісіге кіслігі кіл өнеге.
Көрсе де қалындарын “папкалардың”

Шындығы ұлылыққа ұмтылмады,
Шешілсе шешендігі сұңқылдады.
Көкесін көсем сөздің көрсететін,
Көсілер кемел ойдың шын тұлпары.

Таңдайдан кетпес сірә тіл шырыны,
Құнарлы Қостанайдың бір шыбығы,
Көретін көкіректің көзіменен,
Шыншыл да, шымыр қандай сыншылығы.

Халқының ауыр жүгін арқалады,
Шарлады сан селоны, сан қаланы.
Бар үйдің байлығындай бүкіл кітап,
Үн қатар Ілиястай әр парагы.

Желкілдеп жас гүлдері жан-жағына,
Ұқсаған ардақтының арманына.
Бас иіу ағайынға басты парыз,
Аяулы азаматтың аруағына.

Айналған әдебиет шоқтығына,
Көр жүртүм астанаңық топты мына,
Қуанам мерейтойдың дүбіріне
Өкінем жайсаң аға жоқтығына.

АЛТЫН САНДЫҒЫН ТАРИХТЫҢ АШЫП ТАСТАП

(*Костанай қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайға*)

Өнеге қалса, болмайды өлгені ұмыт,
Өзімді тосатындағы өрден де үміт,
Табалдырықтан тебіреніп тұрмын аттап
Теніз-сезім толқыны төңкөріліп.

Жүретін ұлағатты ой басында әмән,
Ғибратқа ұндеғен ғасыр-ғалам,
Бармысың баяғыдан бағалы мұра
Армысың Алтынсарин асыл бабам.

Дабылы есімде әлі даладағы,
Шын шаттан шөбере, немере, балалары,
Бұл күнде ел елеңдеген экспонат қой
Білімнің қабырғасы қайыспаған қара нары.

Қай кезде зенгір көктен құлады айы,
Қалың бұлт емес, күлімде күн арайы,
Ашыққан адам болса тек білімнен
Аш есік Алтынсарин мұражайы.

Бас сұқпасаң әрине кінәлайды,
Бас сұққанға тенге де сұрамайды,
Ұлы ұстаз ұлағат шашсын ұрпағына
Аш есік Алтынсарин мұражайы.

Қазақтың шың Үбырай, шың Абайы,
Сөз өнерін сүймеген ұнамайды,
Таяз жандар тағы бір ұялсыншы
Аш есік Алтынсарин мұражайы.

Қандастың кейін тартпа кіл баласы,
Қанат қақсын қатайып бұғанасы,
Алтын сандығын тарихтың ашып тастап
Алау таңнан мұражай мұндалашы.

ЕЛЕКЕН ЕЛ-ЖҰРТЫНЫҢ ҚИЯЛЫНДА.
(Қазақ театр өнерінің іргетасын қалған, біртуар талант иесі, Қазақстанның халық әртісі Елубай Өмірзаковқа)

Өз елі ұмытар ма өрелі ісін,
Шындарын шығып үлгірген көремісін,
Туған ол қалың қазақ мандайына
Туған ол толқыны бөлек өнер үшін.

Алдында алқа топтың ағызып келген,
Жайсандар жолыға қалса жан үзіп берген,
Елубай Өмірзаков ерек тұлға
Табиғат талантына тамызық берген.

Әуезге қаршадайдан сонша жақын,
Комдайтын тек қияға ол қанатын,
“Нақ-нақтың” нандыра білсе нақышына
Қайрылып қайран халқы қол соғатын.

Казақпен бірге болған қаны, жаны,
Әйгілі әртістігі, әні ұнады,
Киноның шоқ жүлдізы жарығы сөнбес
Сахнаның сағындырар ылғи саңлағы.

Қашаннан қасиетті өнер қалағаны,
Ғажап қой дала-көңіл, бала жаны,
Елекен ел - жұртыйның қияльында
Аманкелді боп ағындал шабады әлі!



БІР ҚАЙНЕКЕЙ ҚАЗАҚҚА КЕРЕК ЕКЕН

(*Көрнекті ақын, әдебиетши, аудармашы, қоғам қайраткері
Қайнекей Жармағанбетовке*)

Таланттына тағзыым етпей тұра алмадым,
Тасада ұстамаған ұрандарын,
Шырылдатып шындықты шығарғанда
Шырылдайтын торғай түгіл, қырандарың.

Байлықтан рухани жұтап қалма,
Байсалды сөзі ұқсайтын бұлактарға,
Бөлмесі оның толмады жиңаздарға
Бөлмесі оның толатын кітаптарға.

Кететін әдебиетте зор адымдай,
Кезі жоқ отыратын тоба қылмай,
Есігі еш жабылмас ерек үйі
Екінші жазушылар одағындай

Жазатындай кей кезде жан жарасын,
Сөз-сұнқары қалайша самғамасын,
Орталардан өзін көрдік кейінірек
Окульықтан оқып ап балладасын.

Жасынан җалпақ елге ұнап еді,
Шақырған шаттығына жыр әлемі,
Қабілетіне қаратар қалың жұртты
Қос тілдің құйғытатын Құлагері.

Заматта үйымдастырар жоқ дүбірді,
Зиялы жан жүзіне от жүгірді,
Тебіреніп теренін бір терген кезде
Түйіққа тірейтүғын докторынды.

Дерек толы сөзімді деме бөтен,
Еңселіні екі дүниеде елеп өтем,
Бір ауыз сөзді түсінетіндер сирегендे
Бір Қанекей қазаққа керек екен.

АХМЕТХАНЫМ - АСЫЛЫМ

Ахметхан Эбіқаев Қостанай, Торғай топырагына танымал тұма талант. Ақын, жырышы, домбырашы, сөз зергері. Облысқа, Республикаға белгілі өнер адамы 80-нен асқан шағында дүние салды.
(Толғау өлең)

Бір сұық сөз сумандап,
Бір хабар жетті қаралы,
Көздері жұрттың суланбак,
Жүргегі жұрттың жаралы,

Қайда қайсар ер сендей,
Қалай ғана сене алам.
Сексенде сөзі семсердей,
Сапарда соңғы сері адам,

Ахметхан ақын ақыық,
Алқалы топта ұнаған.
Тағдыры – тірі тарих,
Төбе боп қалды бұл адам.

Қаңтардың қалың бұлттары,
Шилігे қарай шүйлігіп.
Қазаның уын ұрттады,
Қазасына жиды жүрт.

Жатар ма жайлы елінсіз,
Жалпақ халық сыйлысы,
Төгеді жасын тек үнсіз,
Торғай менен Шилісі.

Көтерілген әні қап,
Көкіректі шер тырнайды.
Ақын тұрған шаңырақ,
Жұбайымен қарттың жылайды.

Жүйрік аттай кіл желіп,
Салдырмас қамшы өзіне.
Шешен тілі күрмеліп,
Зар болдық-ау сөзіне.

Үндемейді жыр түні,
Үндемейді төзбедім.

Айқасып кенет кірпігі,
Аңсадық отты көздерін.

Қатарынан озған жан,
Мәнгі ғұмыр болмады.
Сөзбен бірге қозғалған,
Кара тастай қолдары,

Өнердің өзге еркесі,
Толғап қалай тауысамын,
Домбыраның пернесі,
Ақаңың аңсар саусағын.

Тума талант тау құзы,
Торғайдан қашан табылмақ.
Әңгімешіл ауызы,
Әп сәтте-ақ дамылдал

Ананың тербер жыр әні,
Даланы тербеп тұрады.
Шилінің шындаштыры,
Шарықтап барып құлады.

Дүбірлердің дара аты,
Дүлділше шабу ұраны.
Қайырылып түсті қанаты,
Қазақы жырдың қыраны.

Жабырқау күйге бөлендім,
Жоқтайды сені таң мына,
Бәйтерегі өлеңнің,
Сұлаған бүгін алдыма,

Аздай көріп бір таңды,
Аспанда ән шырқалып
Өзің барда Нұрханды,
Іздемейтін бұл халық.

Өкінішті күн өтті,
Өзгертуі түсін дала, бел.
Суымас өлең жүректі,
Суытар ма екен қара жер.